…ЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ТУЫ

…ТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
…ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

…ь Сенбі | Шығуына 33 жыл | жеке саны 20 тыйын.

## Ғалымдар мен өндірісшілердің творчестволық ынтымақ бригадалары

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Қазақ ССР Ғылым академиясының Алтай ғылми- зерттеу кен -металлургия институтының ғылми советі ғалымдар мен өндірісшілердің творчестволық ынтымақ бригадаларының жұмыс қорытындысын талқылады. Институт 24 комплексті ғылми- зерттеу бригадасын ұйымдастырып, бұл бригадалардың құрамына ғылми қызметкерлерден басқа Кенді Алтайдың өнеркәсіп орындарының 50-ге жуық инженерлері мен техниктері, стахановшылары мен жаңашылдары кірген болатын. Олар жыл басынан бері руда шығарудың, металл қорытудың қарқынын едәуір арттыруға, өндірістің өзіндік бағасын кемітуге мүмкіндік беретін зор жұмыстар жүргізді.

Әсресе, институттың ғылми қызметкері Васильева басқарған, Өскемен мырыш заводында істейтін творчестволық ынтымақ бригадасы өте жақсы жұмыс атқарды. Бригада жаңа технология жасап, соның арқасында руда күйдіретін цех қазір графикті үнемі асыра орындап отыр. Техникалық ғылымның кандидаты Хетагуровтың бригадасы кен жұмыстарының өндіріс системасына көптеген жаңалықтар енгізді.

Ғылми совет творчестволық ынтымақ бригадалары мүшелерінің кәсіпорындардың қызметкерлерімен басқосқан кеңестерін жиі өткізіп тұруға, бұл кеңестерде істелген жұмыстың барысын талқылауға ұсыныс жасады.

## …ҚТЫ
## …Қ

…аусыз жол жү-
…шіліктер жасал-
…рге көбінесе
…сыз етілмейді.
… жеңелтілуі жә
…қабылдануы ке-
… көптеп бөгелуі
…н паровоздар-
… нашарлығынан
… шапшаңдығына

…бесжүзші-маши-
…тік міндеттеме-
…на, теміржол-
… жарыста үздік
…н келтіреді.
…ының социалис
…ыстарға жетуі
… буындарында
…қамтамасыз ету
…іріс озаттары-
…ициативаларын
… көпшілік игі-
…масыз ету қа-
…н социалистік
…й жүзеге асы-
…пін Петропавл
… бар.
…ұрын таңдаулы
…ен Лесков жол

## Қоғамдық малды жемшөппен толық қамтамасыз етейік

☆ ☆

### Төзгісіз баяулық

Өткен қыста Булаев ауданындағы «2-я пятилетка» колхозы көп қыйыншылықтарға кездесті. Құнарлы азықтың жетіспеуі салдарынан мұнда мал қыстан жүдеп шықты, арықтықтан мал басы шығынға да ұшырады.

Алайда, колхоз басшылары өткен қыстың бұл сыяқты кемшіліктерінен тиісті қорытынды жасамай, шөп шабуға быйыл да жеткіліксіз әзірлік жүргізіп отыр.

Кәзір ауданның көптеген колхоздары Оңтүстік Қазақстан мал өсірушілерінің жемшөптің берік қорын жасау жөніндегі бастамасын қызу қолдап, жемшөп дайындауға жұмыла кірісті. Ал, «2-я пятилетка» колхозында жағдай бұдан басқаша. Мұнда шөп машиналары мен тырнауыштар, сол сыяқты, басқа да құрал-саймандар әлі жөнделіп болған жоқ. Осымен қатар, шөп шабу кезіндегі жұмыс жоспары да жасалмаған. Жемшөп дайындайтын бригадаларды ұйымдастырып, олардың қатарын нығайту ісі де мүлдем қанағаттанғысыз.

Кәзір колхозда шөбі шабуға жарайтын 350 гектардан аса шабындық бар. Осылай бола тұрса да колхоз басшылары (председателі Демидов жолдас) осы уақытқа дейін мал азығын дайындауға әзірлікті толық аяқтап, шөп шабуды дереу бастаудың нақтылы шараларын белгілей алмай келеді.

Жемшөптің берік қорын жасау—қоғамдық мал санын өсіріп, оның өнімділігін арттырудың ең басты шарты. Сондықтан да «2-я пятилетка» колхозының басшылары мал азығын дайындауға жете назар аударып, быйылғы жылы қоғамдық мал үшін құнарлы жемшөптің мейлінше көп дайындалуын қамтамасыз етуге, сөйтіп, Оңтүстік Қазақстан еңбекшілерінің үндеуіне іспен жауап беруге міндетті.

**М. АХМЕТОВ.**

### Қоғамдық мал қамы

Ленин ауданының Аманкелді атындағы … дастар сыяқты мүшелері күнбе-күн өнім-

*ПАР ЖЫРТУ ТЕЗ АЯҚТАЛСЫН*

## Өткен жылғы кемшіліктер қайталанып отыр

Преснов ауданының колхоздары мен совхоздарында быйылғы жылы көктемгі егіс ұзаққа созылды. Мұның негізгі себебі —өткен жылы ауданда пар мен зябь жырту жоспары толық орындалмады. Сондықтан егістік жердің басым көпшілігі көктемде жыртылды. Бұл көп қыйынға әкеліп соқты, егіс кеш бітті.

Аудан колхоздары мен совхоздарында және МТС-терде пар жыртудағы өткен жылғы бұл сыяқты олқылық быйыл тағы да орын теуіп отыр. Ауданды тұтас алғанда пар жыртудың жайы мүлдем қанағаттанғысыз.

Бұған мысал келтірейік. Преснов МТС-нің басшылары: Сталин атындағы колхоз пар жыртуға деркезінде кірісті, сондықтан да ол парды көп жыртып жатыр, дейді. Шынына келсек, колхозда істің жайы мақтарлық емес. Мұнда 15 жұмыс күні ішінде небары 150 гектар ғана пар жыртылды. Бұл —пар жырту жөніндегі жоспардың 13-ақ проценті. Осы МТС-ке қарасты Хрущев атындағы колхозда (председателі Кузин жолдас) жағдай бұдан да нашар. Бұл колхоз пар жыртуға әлі күнге дейін кіріскен жоқ. МТС-те пар жыртуға кіріспеген колхоздар толып жатыр. Осының салдарынан МТС бойынша … қосылмағанына 10 күннен асты. Бірақ, МТС осы тракторды жөндеп іске қосуға ешқандай көмек көрсетпей отыр. МТС қамтуындағы Берия атындағы колхозда да (председателі Смирнов жолдас) жыртылған пар өте аз. Мұнда 10 трактормен бірнеше күн бойына небары 25 гектар ғана пар жыртылды. Бұл МТС бойынша пар жырту жоспары 6 процент қана орындалды.

Ауданда пар жырту жұмысының нашар ұйымдастырылуының негізгі себебі —біріншіден, механизаторлар арасында еңбек өнімділігін арттыру үшін жеткілікті күрес жоқ, трактор отрядтарында үгіт- бұқаралық жұмыстар тиісті дәрежеде емес, қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар окта -текте ғана шығып тұрады. Еңбек озаттарының іс тәжрибелері көпшілік игілігіне айналдырылмайды. Екіншіден, трактор және егіс бригадалары өзара тығыз ынтымақтаса жұмыс істемейді. Ал, бұл трактор агрегаттарының тіркеушілермен, су және жанар, жағар майын тасушылармен уақытылы қамтамасыз етілмеуіне әкеліп соғып отыр. Көп жерлерде тракторлар судың және жанар, жағар майының …

жүріс шапшаңдығын 500 километрден асырып отыруына мүмкіншілік жасалды.

Бірақ, соңғы кезде жол бөлімшесінің басшылары, ең алдымен, локомотив бөлімінің басшылары, сол сияқты, саяси бөлім мен партия ұйымдары бесжүзшілер қозғалысын естен шығаруға айналды. Кәзір бөлімшеде бесжүзші машинистердің қатары оннан аз-ақ асады. Мұның негізгі лімі, темір жол транспортының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері арасында Сталиндік теміржолшылар күнін лайықты табыстармен қарсы алу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге тиіс. Сөйтіп, транспорт жұмысының барлық көрсеткіштері бойынша жоғары табыстарға қол жетуін қамтамасыз ету керек.

гелі отыр. Құрылыс жұмыстары кәзірден бастап қызу қолға алынды. Кәзірдің өзін

**Б. ЖӘКЕНОВ.**
**Конюхов ауданы.**

сыз жұмыс істе
отыр.

## Горький атындағы шоқтоғайда

ОРАЛ, (КазТАГ). Жайық пен Шаған өзендерінің екі арасындағы түбекте көлемі жүздеген гектар жерді алып жатқан Горький атындағы шоқтоғай қала еңбекшілері нің өте сүйсініп дем алатын жерінің бірі. Орал орман шаруашылығының коллективі шоқтоғайды күтіп, оған жаңа ағаштар отырғызуда. Өткен жылдың өзінде және быйылғы көктемде ғана тағы да 50 гектар жерге ағаш отырғызылды.

Орал орманшылары өткен қыста тоғайда бағалы тәжрибе жүргізді. Олар көлемі үш гектардай жерге қар астына жасыл шаған мен шаған жапырақты үйеңкі тұқымын екті. Өзендер тасыған кезде қыста ағаш егілген участокті су түгел басып кетті. Бұдан бірнеше күн бұрын Жайық пен Шағанның суы кейін қайтты. Кәзір шоқтоғайдағы қыста егілген ағаш тұқымы қаулап жақсы өсе бастады. Орманшылар оны бір рет күтіп шықты. Қысқы жағдайда егілген питомниктегі жас шыбықтар Горький атындағы шоқтоғайдың ағашын толықтыруға пайдаланылмақ.

## Мақта егісін культивациялау

МИХАЙЛОВКА. (Жамбыл облысы), (КазТАГ). Свердлов ауданындағы «Кеңес» колхозы мақта егісін культивациялауда. Бердімбетов пен Құлдыбаев жолдастардың бригадалары үшінші рет комплексті өңдеуді аяқтап келеді. Егіс арам шөптен тазартылды. Мақта қозасының біркелкі жақсы өсуіне қарағанда быйыл егістің түсімі жақсы болу керек. Мақташылар механизаторлармен ынтымақтаса отырып, әр гектардан 25 центнер «ақ алтын» алу үшін қажырлы күрес жүргізуде.

Фрунзе атындағы, Молотов атындағы, Абай атындағы ауылшаруашылық артельдерінің мүшелері мақта егісін үшінші рет комплексті өңдеуге кірісті, олар топырақты жақсылап қопсытуға ерекше көңіл бөледі.

### КЕМЕ ЖҮЗУ ГРАФИГІН АСЫРА ОРЫНДАУДА

СЕМЕЙ. (КазТАГ). Жоғарғы Ертіс пароходствосының өзеншілері кеме жүргізу маусымының алғашқы екі айының жоспарын асыра орындады. Шығыс Қазақстан, Семей және Павлодар облыстарының аудандарына егіске керекті жүктер өте қысқа мерзімде жеткізілді.

Озат кемелердің коллективтері жұмысты стахановтық жоспар бойынша істей отырып, әрбір сапардың өзіндік бағасын едәуір кемітті, кеме жүзу графигін анағұрлым асыра орындады. «Александр Покрышкин», «Академик Чаплыгин» пароходтарының командалары соңғы он күннен бері июнь айының есебіне жұмыс істеп келеді.

# Коммунизмнің ұлы құрылыстары-



СУРЕТТЕ Каховка су торабы құрылысына Щербаковскінің «Гидромеханизация» заводының коллективі дайындаған «300—40» жер қазу снаряды аппаратын баптау кезі.

**(СОТА-ның фотохроникасы).**

### ҚУАТТЫ ЖАБДЫҚТАР

МИНСК, 9 июнь. (СОТА). Кеше Минскінің автомобиль заводында көп жүк көтеретін автомобильге тіркелетін жаңа жабдықты құрастыруы аяқталды. Кәзір завод конструкторлары өздігінен жүк түсіретін автомобильге тіркелетін жабдықтың жобасын жасауды аяқтап келеді.

## Еділ—Жайық каналы

ОРАЛ, (КазТАГ). «Ленгипроводхоздың» Орал-Көшім экспедициясы зерттеу жұмыстарын кең көлемде жүргізе бастады. Экспедиция болашақта өзі ағатын магистральді Еділ-Жайық каналының солтүстік жағындағы бір миллион гектардан аса жерді тексеріп, зерттейді, су бұратын, суландыратын және жер суаратын каналдар жүйесін салуға керекті комплексті мәліметтер әзірлейді.

Зерттеушілер үкмет тапсырмасын орындау үшін қажырлы еңбек етуде. Инженер Пестерев жолдастың отряды Балықты деген болашақ бұрма каналының 20 километрін зерттеуді ойдағыдай аяқтады. Богданов жолдастың отряды он күннің ішінде жалпы көлем тын бес участок графтар, геологт геоботаниктер от ны картаға түсір

Геодезист Мос граф Латышев рын тездетіп, са талдан көшпелі сын жасап шығ жабдықталған, к автомашина жұм

Экспедиция ко жұмыстарын мер жолындағы соци

### ҰЛЫ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ЖЕР ҚАЗАТЫН АЛТЫН

ЖАҢА КАХОВКА, 7 июнь. (СОТА). Бүгін Запорожьеден Каховка су электр станциясы құрылысына жер қазатын «1000—80» қуатты снаряд келді. Оның өнімділігі — сағатына 1000 текше метр жер қазады.

Жер қазатын снаряд Сталинградта жасалып, жеке-жеке бөлшек күйінде Запорожьеге жеткізілген. Запорожьенің су құры лысы монтаждар тиві оны құраст бұрын аяқтады. қа быйыл келген ряды.

Таяудағы уақы снаряды құрылыс кірістіріледі.

### КУЙБЫШЕВ СУ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ —МОСКВА Э

СЛАВЯНСК (Сталин облысы), 9 июнь. (СОТА). Куйбышев су электр станциясы—Москва электр қуатын беру жолын салудың басталуына байланысты Славянскінің Артем атындағы заводы 400 мың вольттік қуаты бар ток үшін қуатты изоляторлар шығаруға дайындық жасау ісіне кірісті. Әрбір изолятор 20 тонналық жұмыс атқаратын болады.

Жаңа изолятор кәзірдің өзінде байкаудан ойдағ өндіру үшін құра ғайтылады. Бұл шығарылады, сол да қосымша жаб тын болады.

# Облысымызда

## Қой қырқатын электр агрегаттары

«Дозор Ильича» колхозында Соколов МТС-нің механигі С. Морозов жолдастың басқаруымен қойлар электр агрегатымен қырқылуда. 12 қой қырқатын электр агрегатымен смена сайын 90—100 қой қырқылады.

Сол сияқты, «Красный агроном» колхозында да электрмен қой қырқатын агрегат жұмыс істейді. Мемлекеттік қабылдау орындарына бұл колхоздардан күн сайын жүздеген килограмм жоғары сапалы жүн өткізіліп тұрады.

## Жаңа үйлер

Приешім ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында жаңа үйлер салу жұмысы кең өрістеді.

Колхоз басқармасы құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін арнаулы бригада құрды. Қазір бұл бригада балшықтан соғылған диірмен үйін салуға кірісті. Үстіміздегі жылы темір ұстасының үйі, шошқа қорасы, төл үйі және басқа да үйлер салынбақ.

## СПОРТШЫЛАРДЫҢ КЕЗДЕСУІ

Жуырда Қызыләскер қой совхозының орталығында совхоз физкультурашылары Ново- Михайловка селосының физкультурашыларымен кездесті. Волейбол жарысында новомихайловкалықтар жеңіп шықты. Бұдан кейін велосипедпен жүру жарысы өткізілді. Комсомолец, совхоз жұмысшысы Шонин финишке бірінші болып келді.



Полудень ауданындағы Чапаев атындағы ауылшаруашылық артелінің қоғамдық байлығы жылдан-жылға арта түсуде. Үстіміздегі жылы колхоз екі жүк автомашинасын және «Победа» жеңіл автомашинасын сатып алды.

СУРЕТТЕ: колхоз председателі **Ф. Шель** жолдастың алыстағы мал жайылымы участогіне келіп, жұмыс жайымен танысып тұрған кезі.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

## Орман күтушілер поселкесі

Полудень орман шаруашылығы дирекциясының қамқорлық жасауы нәтижесінде орман күтушілер поселкесі жылдан-жылға көркейіп келеді. Үстіміздегі жылы мұнда қоғамдық монша салынды, жуырда орман күтушісі үшін жаңа үй құрылысы аяқталды, екінші құдық қазылды.

Бұдан аз-ақ уақыт бұрын поселке еңбекшілері соңғы хабарлар мен еліміздегі және шетелдердегі жаңалықтарды газеттерден ғана оқып білетін. Ал, қазір поселке радиоландырылып, олардың күнбе-күнгі хабарларды радио арқылы тыңдап отыруына мүмкіндік туғызылды.

## СТАДИОН САЛУДА

Комсомолецтер мен жастардың күшімен Приешім ауданының орталығында жаңа стадион салынып жатыр. Мұнда спорт алаңы бөлініп, орлар қазылды, футбол алаңының қақпасын жасау үшін қажетті ағаш тасып алынды. Стадион салу жұмыстарына, әсересе, аудандық Совет атқомі, аудандық тұтынушылар одағы, байланыс мекемесі жанындағы комсомол ұйымдары белсене катысып жүр.

## Колхоз бақшасы

Булаев ауданындағы «Новый путь» ауылшаруашылық артелінің мүшелері 1949 жылы колхозда жидек-жеміс бақшасын отырғызған болатын. Колхоз бақшасының алаңы жылдан-жылға кеңейе түсуде. Үстіміздегі жылы бақша тағы да бір гектарға кеңейтілді.

Үстіміздегі жылдың күзінде колхозшылар колхоздың жидек-жеміс бақшасынан 400 түп алмадан, 250 түп малинадан және 100 түп қара шиеден алғаш рет өнім алады.

## 10 мың балапан

Екі жылдан бері Явленка селосында инкубатор станциясы жұмыс істейді. Өткен жылы бір инкубатор станциясы 35 мың балапан шығарған болатын.

Үстіміздегі жылы станция арнаулы жабдықталған үйге орналастырылды. Онда екі инкубатор жұмыс істейді. Алғашқы кезеңнің өзінде станция 10 мыңнан астам балапан шығарды.

## ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫН ДАЙЫНДАУДА

Преснов ауданындағы Киров атындағы кәсіпшілік артелі үстіміздегі жылы 450 мың кірпіш дайындап шығаруды жоспарлаған болатын. Артель қазірдің өзінде 75 мыңға жуық кірпіш өндірді. Тағы да 20 мыңнан астам кірпішті күйдіруге кірісті. Құрылыс материалдарын дайындайтын цех коллективі халық үшін құрылыс материалдарын неғұрлым көп беру үшін күш жұмсауда.

**Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Қ...
195...
Инст...
тепті біті...
жастан 3...
Оқуғ...
былдау е...
былданад...
Қазақ...
азаматтар...
Оқу...
ді.
Қазақ...
колониял...
оқығаны...
Қабы...
дарға сті...
Студе...
тут дирек...
туралы а...
суретін (...
міндеттіле...
нады.
Қабы...
Өтіні...
қаласы, 7...

ПЕТР...

Оқуға...
түсем деу...
жылы ту...
ған болу...
сын (ол...
баянын ...
Өтіні...
15 а...
ша), қаза...
коса, ауы...
алынады.
Оқу...
4 деген...
Мұқт...
Учили...
тушылар...
бақшалар...

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-... партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы —0-22, газет таб...

УШ 01078. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы полиграфия өнеркәсібі, баспа және кітап саудасы Басқармасының Петропавлдағы Мемлеке...